ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



БАҒЫН БАЛАЛАР БАСЫЛЫМЫ АШҚАН

Қазір Қазақстанда газет те, журнал да көп. Айналайын Тәуелсіздігімізбен бірге ере келген Сөз бостандығының, Баспасөз бостандығының арқасында өмірге көлген, әлі де келіп жатқан басылымдар қаншама! Балаларға арналған, жасөспірімдерге арналған, жастарға арналған, бизнесмендерге арналған, саясатшыларға арналған, өнер адамдарына арналған, сұлулыққа жаны құштар ару-қыздарға, бай-бағландардың бәйбішелеріне, бикештері мен бибілеріне арналған журналдардан бас айналып, көз тұнады. Көбелектей көз тартатын, бағасы удай, қағазы қымбаты керек пе, қалауыңыз білсін. Өтірікті – шындай, ақсақты – тыңдай ғып жазатын, әсек-аяң, қауесеттерге толы, қағазы жұпыны болғасын, бағасы да қолжетімді, бейәдеп басылымдар да соңғы ширек ғасырдың жемісі... Қарапайым халыққа, әсіресе жастар мен жасөспірімдерге берер үлгі-өнегесі мен тәлім-тәрбиесі болмаса да, шығып жатыр, шығып жатыр. Біреудің бизнесі. Ұнамаса, оқымаңыз, алмаңыз. Бірақ тыйым салуға ешкімнің хақы жоқ. Нарықтық қатынастарға қарсы тұра алмайсыз.

Ал кешегі кеңестік кезеңнен бері талай ұрпақтың сырлас досына, ақылшы серігіне айналған қазіргі – «Ұлан», бұрынғы «Қазақстан пионері» газетінің олардан жолы да, жөні де бөлек-ау, шіркін!.. Оған белгілі журналист, жазушы Жанат ЕЛШІБЕК ағамыздың бес томдық шығармалар жинағын оқып отырғанымда анық көзім жетті. Балқаш маңындағы аядай ғана ауылда жүрген шәкірт баланың ең алғаш «Қазақстан пионері» газетіне «Пионерлерге риза» деген атпен кіп-кішкентай хабарламасы жарық көріпті. Төбесі көкке жеткендей қуанған балақай сол күннен бастап қаламын қолынан тастамай, өзі оқитын мектептің, туған ауылының жағымды жаңалықтарын, теңіз толқындарымен арпалыса еңбек етіп жүрген батыл балықшылардың тыныс-тіршілігін қағазға түсіріп, өзінің сүйікті басылымына жолдауды әдетке айналдырады. Ізденімпаз бала көп ұзамай, сол газеттің жас тілшісі атанады.

Тіпті «Қазақстан пионері» газеті оған шағын кітапхананы сыйға тартады. Бір қызығы, ондай кітапхана балалар газетінің «штаттан тыс жас тілшілері» – Алматы қаласындағы №2 мектеп-интернаттың оқушысы, бүгінгі белгілі жазушы **Смағұл Елубаевқа,** Алматы облысы, Талдықорған ауданы, Еркін селосындағы М.Байысов атындағы мектептің оқушысы, қазіргі белгілі баспагер **Ырым Кененбаевқа** да сыйға берілген екен. «Қазақстан пионері» газеті көзін ашқан мөлдір бұлақтар қазір арналы өзен, айдын-шалқар көлге айналды. Кәсіби журналист, танымал жазушылар санатына қосылғандарын көзіміз көріп отыр. Қалай қуанбайсың, қалай сүйсінбейсің!..

Менің де тырнақалды тұңғыш мақалам осы «Қазақстан пионері» газетінде жарық көрген. Тіпті басуға жарамсыз дүниеміздің өзін жауапсыз қалдырмай, «мынауың жарамайды», – деп қақ маңдайдан қойып қалмай, «әлі де іздене түс, көп оқы, айналайын!» – деп, редакциядағы журналист ағай-апайлар ерінбей-жалықпай, жанашыр көңілмен хат жазатын. Жаныңды жараламайтын. Жыпжылы хаттары үміттендіретін, қайраттандыратын, жігерлендіретін, алға ұмтылдыратын... Елдің шетінде, желдің өтінде, Ресеймен шекаралас жатқан шағын ауылымызға анда-санда жиылып-төгіліп газет-журналдар келген күні бір жырғап қалушы ек. Өмірі түсімізде де көрмеген ақ бас Алатау баурайындағы әсем қала – Алматыдан ең жақын досымыз, туысымыз келгендей қуанатынбыз.

Сонда осы Жанат ағаның ребустары мен сөзжұмбақтарын шешеміз деп талай-талай бас қатырғанымыз есімде.Тек «Қазақстан пионерінен» ғана емес, «Балдырғаннан» да, «Лениншіл жас» пен «Арадан» да Ж.Елшібековтің жазған дүниелері көзге оттай басылатын. Ол көбінесе табиғаттың тылсымдары мен ғаламның ғажайыптарын жазатын. «Балық жегіш түйе», «Үй күзеткен жыландар», «Асқазандағы жылан», «Зеңбірекше атқылаған өсімдіктер», «Құпия ағаш», «Мұзартқа өрмелеген мұзбалақтар», «Микроскоп атындағы ғажайыптар», «Иттің көз жасы», «Дәрігерді іздеп келген күшік», «Сөйлейтін піл», «Жылан жұтқан тауық», «Бүркіт түскен келіншек», «Жылан баққан бала», «Кииктің киесі», тағысын-тағы толып жатқан тосын тақырыптар қызықтыратын, таңғалдыратын.

Оның танымдық мақалаларын кей-кейде інілеріме айтып беруші ем. Су астында сурет салған суретші, көзімен гирь көтерген адам, тоқсан жасында парашютпен секірген кейуана, екі қолымен бірдей сурет салатын он сегіз жасар жігіт, т.б. туралы жазған мыңнан астам танымдық әңгімелеріне талай бала тамсана таңдай қақты. Кейін мектеп кітапханасынан оның «Сен білесің бе?», «Зерек», «Мың бір қызық», «Таным» секілді кітаптарын тауып алып, бір-бірімізбен таласа жүріп оқыдық. Басқа журналистерден оның басты ерекшелігі – тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан табиғаттың талай-талай таңғажайыптарын әбден зерттеп, елеп-екшеп, басқа да ғылыми-танымдық сан алуан қызықты деректермен салыстырып барып, оқырманға ұсынатыны дер едім. Туған жердің аң-құсын, өсімдіктерін аялауға, өлке табиғатына жанашыр көңілмен қарауға талай ұрпақты тәрбиелеп,талай баланың көңіл төрінен орын алған Жанат ЕЛШІБЕК ағамыз таяуда 70 жасқа қадам басты.

Қонысбай ӘБІЛ,
Қазақстанның Халық ақыны

Айналайын, қарапайым қалпыңнан
(Жанат Елшібекке)

Ол кезде біз мектептегі баламыз,
Оншақты жыл болса-дағы арамыз.
Біз сыйлайтын, аты аңызға айналған,
Жетпіс жасқа толды Жанат ағамыз.

Уақыт өтіп жатқанымен тез зырлап,
Білімдіні ұғымталға кез қылмақ.
Газет пенен журнал бетін бермейтін,
Жанат аға ойлап тапқан сөзжұмбақ.

Сөзжұмбақты шешуге біз тоймаушы ек,
Толық шешсек мәз-мәйрам боп тойлаушы ек.
Компьютер мен интернетсіз заманда,
Ең білімді адам Сіз деп ойлаушы ек.

Кітапхана сөрелерін ақтарып,
Кейде қонып қалуға да шақ қалып.
Қиын сөздің таба алсақ жауабын,
Зердемізде қалатұғын жатталып.

Орындалып жас өрендер арманы,
Білім, ілім бірін-бірі жалғады.
Жанат аға арқасында әлемде,
Біз білмейтін еш құпия қалмады.

Жас күнінен оза шапқан қатардан,
Ортасында орны бөлек қашаннан.
Сөзжұмбақпен, сөзтізбекпен шектелмей,
Жүйрік қалам жорналшы боп атанған.

Алқынбастан өтіп жеті белестен,
Топтан озған тұлпарменен теңескен.
Қарапайым мінезіне қарасаң,
Бейілінен бекзаттықтың лебі ескен.

Жақсылардың шын бағасын біледі ел,
Отырады тілеуінді тілеп ел.
Абыройын асқақтатып халқымның,
Ортамызда жайраң қағып жүре бер!

Шығыс ойшылдары: «Адамның өмірі үш күндік: кеше, бүгін, ертең. Кешегін өтіп кетті. Ертеңің қандай болары белгісіз. Бүгініңді ертең өкінбестей өткіз» деген екен... **Кеше:** 6 сыныпта оқып жүрген кезінде тырнақалды тұңғыш мақаласы мен ең алғашқы ребусы «Қазақстан пионері» газетінде жарық көрген бала болса, **бүгін:** Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте лауреаты, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, сннан астам публицистикалық, танымдық-деректі, көркем-әдеби кітаптардың авторы, республика жұртшылығына есімі кеңінен танымал қаламгер.

Сондай-ақ, Жанат Елшібек – Қазақстанда тұңғыш рет «Жұмыр Жер» алып сөзжұмбағы мен ең алғашқы алып сканвордты құрастырған адам. Оның бес томдық шығармалар жинағының жауапты редакторы болған көрнекті журналист, ҚР Президенті сыйлығының иегері Нұртөре Жүсіп: *«Қазаққа әлі сканворд дегендер келмей жатқан кездің өзінде Жанат Елшібек қаламының ұшынан небір маржан төгілген. Жанат Елшібекті ұлттың танымын кеңейткен, ұғымын ұштаған қаламгер деп бағалау керек... Ой теру, маржан теру оңай іс емес. Ал елдің ойына ой қосу, ойландыру, миын қозғау, санаға түрткі салу екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес. Жанат Елшібек елді ойландырып келе жатқан қаламгер. Мыңдардың, миллиондардың санасына сәуле құйып келе жатқан адам»,* – деп бекер айтпаса керек.

Қатар жүрген қаламдастары оның ерекше елгезектігін, ізденімпаздығын көп адамда кездесе бермейтін қасиет деп бағалайды. Күллі тіршілік атаулыны таңғажайып жаңғырыққа айналдырып жібере алатын Жанат Елшібектің шығармашылық ерекшелігі туралы жазған мақаласында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, жазушы-журналист Мағира Қожахметова оның танымдық дүниелерін әсемдікті, тосын жайттарды, сирек құбылыстарды бейнелеудің қазақ топырағындағы Пришвиннің соны үлгісі деп бағалаған екен.

Теңізшілер тақырыбына қалам тербеген қазақ жазушылары санаулы-ақ. «Теңіз әуендері», «Толқында туғандар» сияқты кесек туындылар жазып, Халықаралық марийанистер мен баталистер одағына мүше боп қабылданған Әбу Сәрсенбаев атамыз сияқты (Айтпақшы, Э.Хемингуэй де осы одақтың бір мүшесі болған!) жаялығын көк теңіздің көбігіне жуғызып, Балқаштың ақ жал толқындарында тербеліп өскен Жанат ағамыз да теңіз тақырыбын, балықшылар өмірін ерекше толғаныс, тебіреніспен жазды. Жасөспірімдерді рухани тазалыққа, адалдыққа, елжандылыққа, отансүйгіштікке баулитын «Жетім жұрт», «Қош бол, теңіз», «Жазылмайтын жара» повестерінде Ұлы Отан соғысының жанға салған жарақаты, туған жер, ауыл тағдыры, экологиялық өткір де өзекті мәселелер шебер тілмен бейнеленген.

Жүрегі ел деп соққан ұлтжанды журналистің қаламынан шыққан публицистикалық дүниелерінің өзі қаншама! «Қайыршы қолындағы домбыра», «Сыра сатқан сәбилер мен арақ қолтықтаған кемпірлер», «Күйеу баламыз – негр, келініміз, кәріс, ал құдағимыз – неміс», «Муза жүзге бөлінбейді», «Ой үстінде сорғалайды көз жасың», «Қуыс кеуде, кеуек бас мүсіндер мен мүскіндер», тағы да басқа мақалаларынан ұлты үшін, жұрты үшін шыбын жаны шырылдап жүрген үлкен жүректі азамат келбетін көреміз. Егер келешек ұрпақ Жанат ағамыздың осы мақалаларына үңілсе, өтпелі кезең, өлара шақта өмір сүрген қарапайым қазақтар тағдырынан хабардар болып, сол уақыттың тыныс-тіршілігін көз алдарына келтірер еді деп ойлаймын.

Білім көкжиегі кең, танымы терең жазушы Жанат ағамыз – жай қаламгер емес, рекордшы қаламгер. Сөзім жалаң болмас үшін, дерек-дәлелдер келтіре кетейін: Оның «Табиғат-тылсым» әңгімелер циклы 2002 жылдың 19 ақпан – 18 сәуір аралығында «Жас Алаш» газетінің 15 нөміріне жарияланды.

2011 жылы қажылыққа барған сапарынан кейін жазған «Әлем көз тіккен Мекке» жолжазба-хикаяты республикалық газет-журналдар мен кітаптарда тоғыз рет басылды. Еліміздің атақты қаламгерлері мен өнер қайраткерлері жайлы жазылған «Сырлы әлем» атты кітабы 2012 жылдың 28 қыркүйегінен 2013 жылдың 28 сәуірі аралығында Қазақ радиосынан 8 ай бойы әр жексенбі сайын оқылды. Әрине, кез келген қаламгер бұндай рекордтарға қол жеткізе бермейді.

Жалпы, Жанат ағамыз қатар жүрген қаламдастарының да, алдыңғы буын аға-апаларының да жарық көрген кітаптарын жіті қадағалап, оқып жүреді екен. Жылт еткен жаңалықтарын көрсе, дер кезінде баспасөз бетінде жылы лебіз білдіріп, қаламдастары жайлы мақала, рецензиялар жазуы – көп қаламгерде жоқ қасиет.

Мәселен, өзі «Әдебиеттің археологы» атаған М.Мағауин туралы («Алдаспан»), Қалдарбек Найманбаев туралы («Өзіндік қолтаңба»), Қалтай Мұхамеджанов туралы («Қайран, Қалаған!»), Қадыр Мырза Әлі туралы («Лүпілдейді жүрек немесе оңашада өлеңмен сырласу»),мөлдір бұлақтай

Заря ЖҰМАНОВА,
жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі.